



Екінші дүниежүзілік соғысындағы қазақ батырларының ескерткіштері

Нурсултан Сарсенбеков¹ , Дана Оразбаева^{2*} 

¹Ә. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹nsarsenbekov@bk.ru, ^{2*}orazbaevadana@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстанда пайда болған Екінші дүниежүзілік (Ұлы Отан соғысы) соғысы батырларына ескерткіш орнату құбылысының тарихы мен тәжірибесі қарастырылады. Ескерткіштер әртүрлі акторлық тенденцияларын зерттеудің эпистемологиялық көзі ретінде талданады. Бұл XX ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап қазіргі кезеңге дейінгі болған зерттеу дискурстарының дәлелі. Мақалада Екінші дүниежүзілік соғысы батырларының ескерткіштері феноменологиялық және экзистенциалды тәсілдерді қолдану арқылы, батырлықтың мәні мен оның ұлтымызға тән феномен тұрғысында талданады. Осыған орай, Б. Момышұлы, Р. Қошқарбаев, Ә. Молдағұлова, М. Мәметова т.б. батыр тұлғалармен байланысты кейстерді талдау мақаланың негізгі мақсаты болып табылады. Талдаудың нысаны ретінде ескерткіштердің орналасқан жері, оларды визуалды талдау, БАҚ материалдарымен бірлесе жұмыс жасау, арнайы әдебиеттерге контент-талдау (мүмкін шежіре), акторлармен және сарапшылармен сұхбат жүргізу және нарративті тәсілдер қолданылды.

Мақалада қолданылған суреттер мен оған қатысты ақпараттар Астана қаласы мен Батыс Қазақстан өңіріндегі далалық зерттеулердің нәтижесінде алынды.

Түйін сөздер: Екінші дүниежүзілік соғыс; батырлық; қазақ батырлары; қайсар рух; дүниетаным; естелік орындары; ескерткіш; мемориал; актор.

Received 20.05.2024. Revised 31.05.2024. Accepted 25.08.2024. Available online 30.09.2024.

For citation:

Sarsenbekov N., Orazbayeva D. Monuments to Kazakh Batyrs of the Second World War // Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Series: Historical Sciences. Philosophy. Religious studies – 2024. – Vol. 148. – № 3. – P. 251-269. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-148-3-251-269>

Для цитирования:

Сарсенбеков Н., Оразбаева Д. Памятники казахским батырам Второй мировой войны // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение – 2024. – Т. 148. – № 3. – С. 251-269. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-148-3-251-269>

* корреспонденция үшін автор

Кіріспе

Бұл мақалада қазақ мәдениетіндегі батырлық жайлы жаңа дискурс қарастырылады. Жаңа эмпирикалық материалдарды енгізу арқылы Қазақстандағы ХХ ғасырда бастан кешкен жаңғырту үдерістерін ескере отырып, құбылысты түсіндіру кеңейтілуде. Дәстүрлі түрде, батыр ұғымын тарихшылар көшпелі мәдениет пен мемлекеттіліктің ерекшеліктерінің көрінісі ретінде қарастырады. Осылайша, Нұрболат Масанов Еуразиялық дала көшпелі қоғамға тән белгісі ретінде әлеуметтік-тарихи дамуда маңызды рөл атқарған әскери ұйымның болуы деп есептеді. Ол номадтардың әртүрлі патронимиялық топтарының қалыптасқан мәртебелік-құқықтық иерархиясына негізделген және көбінесе олардың рулық жүйемен сәйкес келетіндігін көрсетеді (Масанов 1995: 320).

Қазақстандық зерттеуші Ирина Ерофеева ежелгі дәуірден бастап көшпелі қоғамдардың әскери ұйымының маңызды құрылымдық элементі ретінде әскери көсемдер мен батырлар институты болғаны жайлы айтады. Оған қоса, зерттеуші батырлық орта ғасырдан бастап Еуразияның барлық көшпелі халықтардың арасында кең етек жайғаны жайлы еңбектерінде көрсетеді. Сонымен қатар, қазақ халқы көшпелі өмір салтын ұстанып, ұлан байтақ жерін жаудан қорғап, болашақ ұрпаққа аманат ету жолында, батырлық пен ерлік танытып жаудың бетін қайсарлықпен қайтарып отырған.

Қазақ тарихында ержүрек, қайсар, батыр атағы жауынгерге тек өзінің жеке басындағы қасиеттері үшін ғана беріліп отырған (Ерофеева, 2001: 152). Тарихшы Е. Ерофееваның пайымдауынша, батырлар әскери көсемдердің рөлін атқарып «XVII-XVIII ғасырлардың аяғында қазақ қоғамында үлкен әлеуметтік және әскери-саяси маңызды топ болған.

Батыр сөзі көне түркімонғол сөзінен «батыр», «бахадүр», «багатур» деп алғашқы мағынасы батыл жауға қарсы тұрып, шайқасқа еркін шығатын адамның қасиетін сипаттаған (Ерофеева, 2007: 456).

Бұл мақалада тарихшылардың дискуссиясына қосқан үлесіміз батыр феноменінің интерпретациясын кеңейтіп, батыр мәртебесіне тағы да қандай жағдайларда ие бола алатынын анықтау. Сондықтан, мысал ретінде Екінші дүниежүзілік соғысы батырлары Әлия Молдағұлова, Мәншүк Маметова, Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев сынды тұлғаларға қатысты кейстерді қарастырамыз.

Кеңес заманынан кейінгі Екінші дүниежүзілік соғысы батырларына арнайы орнатылған ескерткіштерді сипаттау арқылы, қазақ тарихында пайда болған батыр феномені Қазақстанның қазіргі мәдени саясатымен мемориалдау тәжірибесі арқылы ұлттық бірегейліктің қалыптасуын қарастырамыз. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, қазақ тарихында батырлар әскери көсем ретінде әскери билікке ие болған. Батырлар белгілі жүзден, рулық бірлестіктен шыққан, сондықтан да, шежіре де халықтың естелік құралы ретінде қолданылады (Алпысбес, 2003: 65).

Қазақстанның рухани мәдениетін жүзеге асыру мақсатында ежелгі тарихи-мәдени мұралары мен батырларын жадында сақтау, тарихты қайта зерттеп қарастыру мәселесі пікірталас туғызуда. Сонымен қатар, өңірлік және ұлттық мәдени бірегейлік, ұрпақтар сабақтастығы мәселесі де жан-жақты қарастырылуда. Еліміздегі мәдени саясатты

дамыту және мәдени жобаларды жүзеге асыру мақсатында, әр түрлі деңгейдегі зерттеу институттары мен қоғамдық бірлестіктер, тарихи тұлғаларға оның ішінде батырларға арнап, мемориалды кеңістік құру үрдісі дамуда. Әсіресе, өңірлік тарих пен мәдениетке, ұрпақтар сабақтастығына жерлілікті өлкетануға қызығушылық артып оны мемориалдау бүгінгі мәдени саясаттың өзекті мәселесіне айналып отыр. Яғни бұл үрдіс бір жағынан саяси идеология болса, екінші жағынан ұлттық мәдени бірегейлікті қалыптастырудың жолы (Ермагамбетова, Оразбаева, 2022: 318). Бұл жөнінде зерттеуші ғалым Н. Копосовтың пікірі бойынша, «тарихи қайраткер бейнесі қоғам үшін түсінікті, әрі нышандық әсер қалдырады. Сондай-ақ қоғамдық сананың оянуы мен жетілуіне септігін тигізеді (Копосов, 2011: 25).

Мақаланың зерттеу нысаны еліміздегі Екінші дүниежүзілік соғысы батырларына арналған посткеңестікескерткіштер болып табылады әрі солескерткіштердің орналасқан жері мен батырлардың ерлігі, қайсарлығы туралы қарастырылады. Ескерткіштер әдетте саяси жүйенің құлдырауын да, гүлденуін де көрсетеді. Мемлекетте жаңа саяси жүйе құрылған кезде, олардың алғашқы әрекеттерінің бірі ол ескі тәртіпте орнатылған ескерткіштерді бұзу, көше мен қала атауларын өзгерту, және өз ескерткіштерін орнату арқылы мемлекеттің жаңа идеологиясын қалыптастырып, және рәміздік географиясын өзгертуге бағытталған. Әдетте, мұндай үрдісті қаржыландырып жүзеге асыратын саясаткерлер, саяси партиялар, қоғам белсенділері мен басқа да мүдделі топтар болады. Себебі, бұл мемлекетті жаңа бағытқа бағыттауға мықты саяси құралдар болып есептеледі. ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы француз ғалымы, әлеуметтанушы Морис Хальбвакс бұндай топтарды «*entrepreneurs de memoire*», кәсіпкерлікке аса назар аударып, тарихты тәжірибелік жағынан интерпретация жасайтын саясатқа бейімдеу деген пікір білдіреді. М.Хальбвакс: «естелік – әлеуметтік феномен, ол белгілі адамдардың әлеуметтік контекстіне кіретін топтарда, отбасында, қоғамдық ұйымдарда ұжымдық естеліктің пайда болу механизмдері» – дейді (Halbwachs, 1992).

Зерттеу әдіснамасы

Мақаланың мақсатына жету барысында Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Бауыржан Момышұлы, Рахымжан Қошқарбаев сынды Екінші дүниежүзілік соғысы батырларына арналған ескерткіштердің орнатылған уақыты мен орналасқан жерін анықтау, зерттеу барысында визуалды талдау, БАҚ материалдарымен жұмыс, далалық зерттеу, арнайы әдебиеттерге контент- талдау, сұхбат жүргізу, нарративті талдау, батырлардың тұлғалық болмысын ашу мақсатында феноменологиялық талдау жасау тәсілдері қолданылды.

Талқылау және нәтижелер

Елдің батыр қыздары.

Американдық зерттеуші Кристофер Рис Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушылардың кейбір ескерткіштердің қоғам үшін маңызды рөл атқарғанын атап өтті. Сонымен қатар,

жергілікті тұрғындардың ішіндегі осы мәселеге ерекше назар аударатындардың соғыс проблемасын қаншалықты қабылдауы мен түсінуінде жатыр. Осы бағытта, Ақтөбе өңірі Әлия Молдағұлованың тарихи отаны ретінде коммеморациялық тәжірибені өз мәнінде дәлелдей алды деп айта аламыз (Rees, 2020).

Кеңес Одағының батыры ретінде Әлия Молдағұлованың ескерткіштері Қазақстанның әр өңірінде орнатылған. Алайда, ең алдымен, Әлия Молдағұлованың туған жері Ақтөбе облысы, Қобда елді мекенінде орнатылған ескерткішті далалық зерттеу тәсілімен мақала нысанына айналдыруды жөн санадық.



Фото 1. Әлия Молдағұлова ескерткіші.
(фото Д. Оразбаева, 2024 ж.)



Фото 2. Әлия Молдағұлова ескерткіші.
(фото Д. Оразбаева, 2024 ж.)

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, Әлия Молдағұловаға арналған алғашқы ескерткіштерінің бірі 1995 жылы Ақтөбе облысы Қобда ауданы, Әлия ауылының Ю.Гагарин көшесінде орнатылған (фото 1). Ескерткіште автор Әлия Молдағұлованың толық бойымен шинель жамылған мүсінін мәрмәрдан жасаған (aktobenasledie.kz).

Мәрмәр ескерткіштің айналасы абаттандырылып қоршалған. Ауылдың жергілікті тұрғындарымен сұхбат барысында ауыл тұрғындары мен мектеп оқушыларының ескерткіш басына жылына екі рет гүл шоқтарын қоюы жергілікті дәстүрге айналған. Гүл шоқтарын дәстүрлі түрде еліміздің барлық төңірегінде Жеңіс күніне орай қойылса, ал екінші мәрте Ә.Молдағұлованың туған күнінде қойылады. Аталған тәжірибенің қалыптасуы, әсіресе Қобда ауданында қазақтың батыр қызына әрі жерлестеріне деген марапаттың көпке ортақ деңгейге көтерілуі.

Мақалаға арқау болған тағы бір ғаламат композиция Ә. Молдағұлова мен М.Мәметоваға орнатылған ескерткіштің ерекшелігін талдау болмақ. Батырларға арналған композиция Алматы қаласының кеңес заманында үкімет үйі болған ғимаратқа қарама-қарсы алаңға 1997 жылы қойылды. Бұл алаңда 1997 жылға дейін В.Лениннің ескерткіші тұрған (Қасымбеков, 2010). Яғни, В.И. Ленин ескерткішінің орны Кеңес одағының батырларына арналған ескерткіш композиция ауыстырылды (Медеуова, 2021). Жалпы осы іспеттес ескерткіштердің ратациялары еліміздің барлық қалаларында орын алды. Ескерткіште автор Әлия мен Мәншүктің мүсінін әскери формада қадам басып жүріп келе жатқан бейнесін бейнелеген. Ескерткіштің артында монументалды обелиск түріндегі композиция орнатылған. Бұл композицияның үстінгі жағында жер шары мен құстарды аспанға ұшырып тұрған балалардың көрінісі суреттелген. Кеңес Одағында Ә. Молдағұлова Одақтас мемлекеттердің хас батыры ретінде атағы шартарапқа тараса, қазіргі таңда біз үшін маңызды ескерткіш Ақтөбе маңындағы ерекше эмоцианолды брендке айналған орынды айтуға болады (Медеуова, 2017: 55).

2005 жылы Әлия Молдағұловаға арнап Ақтөбе қаласында мемориалды кешен ашылды. Ескерткіштің мазмұнына тоқталатын болсақ, аталған мүсіннің материалы қола, орнатылған тұғыры ерекше гранит тастан орнатылған. Асылында, Ақтөбеде Ә. Молдағұлованың ескерткіш-бюсті 1960 жылдардың өзінде орнатылған болатын. Осыған орай, 2008 жылы Ақтөбе қаласындағы Ә.Молдағұлованың мемориалды кешенінің көшірмесі Астанаға сый-тарту есебінде орнатылды (фото 2). Мемориалдың орналасқан жері С.Сейфуллин атындағы Аграрлық университеттің жанында, яғни Ә.Молдағұлова көшесі мен Жеңіс даңғылының қиылысында орын тепкен (Астана мерейтойына аймақтардың тартуы, 2008).

Мүсінге көз жүгіртсек, Ә.Молдағұлова майдан даласындағы әсерді бейнелеп тұрғандай. Ескерткіштің екі жағынан барельеф орнатылған. Барельефтің сол жақ жартысында ұлы дала бейнесі, көшпенділер рухы бейнеленген. Құрманғали мен Абылайхан бейнесі де назардан тыс қалмаған. Оң жағында 1916 жылғы отаршылдыққа қарсы көтерілістен бастап көптеген қайғы – қасірет әкелген Екінші дүниежүзілік соғысын, халқымызды жан-жаққа шашыратқан көріністер бейнеленген. Барельеф авторы мүсінші – Е.А. Сергебаев (Нұр-Сұлтанның мәдени және тарихи ескерткіштері, 2008).



Фото 3. Әлия Молдағұлова ескерткішінің барельефі
(фото Д. Оразбаева, 2024 ж.)

Барьельевтер соғыс жағдайын еске алудың нысаны болғанымен, бір жағы жеке адамның көзқарасын білдіретін визуалды тұжырым. Отанын қорғау мақсатында жанкештілікке бару, адамнан соңғы мүмкіндіктерін талап етеді. Оның үстіне, туғандарымен жүздесуі ықтимал, туған жердің топырағын ардақтай білген қазақ ұлты үшін Атамекеніне оралуы неғайбыл, өз алдына бөлек мәселе. Демек, қазақ батыры үшін оның Атамекені, үшін төзімділік танытуы, ұлттық дүниетанымнан қалыптасқан қайсар рухы жөнінде сыр шертетін ескерткіштерден аңғарғанымыз да осы адам болмысын алға қоятын экзистенциалдық сауал деп есептейміз. Кез келген соғыс – бейбіт заман қалыптастырған күнделікті мамыражай ұстанымдарды өзгертіп, адамды тығырыққа тірейді. Майдан алаңында қай батырдың алдында болмасын, ұлы мақсат тұратыны белгілі, ол – Отанын жаудан қорғау. Қас-қағым сәтте шешім қабылдау іспеттес әрекеттерде, ішкі рефлексияның нәтижесінде адамның қабілеттері бір мезетте ашылуы мүмкін. Экзистенциалдық философия дәлелдегендей, «Шекаралық жағдайлар», яғни екі түрлі таңдау мен өзгерістердің ортасында қалған батырдың санасында соғыстың бір субъектісі ретінде экзистенциалдық тәжірибе жинақтауы заңды құбылыс.

Майдан алаңында жүріп жатқан алапат күштердің ішінде адам болмысының шешуші рөл атқаратыны дау тудырмайды. Адамның жойқын күштерге, түрлі қару-жарақтарға қасқая қарсы тұруы адам болмысының теңдессіз мүмкіндігін аңғартса керек. Техника да, адам да соғыстың қатысушылары екені шындық. Дегенмен, «Адам барлық заттардың өлшемі» екенін адамзат тарихы дәлелдеп келе жатыр. Мәселенің мәнін ашу барысында, Б.Момышұлының мына бір естелік-тұжырымына жүгінуді жөн көрдік: «Қираған техниканы (пулеметті, зеңбіректі, танкті және басқаларды) қайта қалпына келтіруге, ауыстыруға болады – материалдық шығын ғана, ал ауыр жарадар болған адамды қалпына келтіре алмайсың, өлгендер қайта тірілмейді. Адам – соғыста, ұрыс даласында негізгі объект, барлық қару-жарақ соған қарсы бағытталады. Адамды сақтау, солдатты сақтау – қасиетті ұран, ол, әсіресе, қазіргі соғыс күндерінде ерекше қасиетті міндет» (Момышұлы, 2021).

Демек, Екінші дүниежүзілік соғысы батырларына орнатылған барлық дерлік ескерткіштердің мәні адам дүниесінің феноменологиялық қатпарларына жетелейді.

Ә. Молдағұлованың ерлігін, батырлығын, қайсарлығын бүгінгі ұрпаққа насихаттап ескерткіш орнатқан тағы бір өңір, ол Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы. Аталған өңірде 2015 жылы Кетебай ауылының орта мектебінде ескерткіш ашылған. Ескерткіштің жанында мәрмәрлік тақтайшаларда Екінші дүниежүзілік соғысының 45 қатысушысының есімдері қашалып жазылған (Оңтүстік Қазақстанда Әлия Молдағұлованың ескерткіші ашылды, 2015).




Фото 4. Әлия Молдағұлова ескерткіші Санкт-Петербург қаласы,
(фото М. Төлепберген, 2022 ж.)

Сонымен қатар, Әлия Молдағұлованың ескерткіштері тек біздің елде емес, Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласында 2019 жылы орнатылған (фото 4). Ескерткіш Санкт-Петербург қаласының батысындағы сквердің бірінде Красногвардия ауданындағы өз атына берілген көшеде орналасқан. Онда батырдың есімі мен жапсырма жұлдызы бедерленген. Постаменттің сыртқы жағында Әлия Молдағұлованың ерлігі жайында қашап жазылған.



Фото 5. Орал қаласындағы ескерткіш
компазиция
(фото А. Рамазанова, 2024 ж.)




Фото 6. Астана қаласындағы
Мәншүк Маметова ескерткіші
(фото Д. Оразбаева, 2024 ж.)

Орал қаласында 2017 жылы «Қазақтың батыр арулары» мүсіндік композиция орнатылды. Ескерткіштің ортасында Мәншүк Мәметова екі шетінде Әлия Молдағұлова мен Хиуаз Доспанова бейнеленген (фото 5) (Оралда батыр аруларға ескерткіш ашылды, 2015).

Бұл Екінші дүниежүзілік соғысында ерлік көрсеткен қаһарман батыр қыздарға арналған алғашқы ортақ туынды. Ескерткіш Орал қаласындағы Мәншүк Мәметованың ескерткіші тұрған алаңға орнатылған. Ол алаңдағы Мәншүк Мәметованың ескерткішін реставрациядан өткізіп, Бөкейорда ауданы Сайқын аулына ауыстырылған.

Аталмыш ескерткіш батырдың 95 жылдығына арнап орнатылған. (Сайқында М.Мәметоваға ескерткіш, 2017). Жалпы алғашқы ескерткіштерінің бірі Кеңес заманында 1944 жылғы 1 наурызындағы жарлығы бойынша (бұрынғы Орал) Батыс Қазақстан облысы Орда ауданы Жәнібек кентінде орнатылған. Мүсін қоладан құйылып, гранит тұғырына қоламен «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова 1922-1943 жыл» деген жазу жазылған. Кейін бұл ескерткіш ресми түрде 1982 жылы мемлекеттік бақылауға алынып мемлекеттік реестрлер тізіміне енгізілген. Бұдан бөлек, Кеңес заманында орнатылған тағы бір ескерткіш 1988 жылы Орал қаласының Бейбітшілік алаңына орнатылған. Мәншүк Мәметованың туған жерінен бөлек Түркістан облысының Жетісай ауданының орта мектебінің ауласында бой көтерген. Ауданның орта мектебіне Мәншүк Мәметованың аты берілген.

Ескерткіштің жанында сол ауылдан соғысқа аттанған 65 адамның есімі жазылған обелиск тақта орнатылған. Бұндай жобалардың акторы, яғни Әлия Молдағұлованың да Мәншүк Мәметованың да ескерткіштерін Оңтүстік өңірге орнатып Екінші дүниежүзі соғысына қатысқан соғысқа аттанған, сол ауыл тұрғындарына естелік тақтайша орнатып аймақтың ұжымдық естелігін артырған меценат Ж. Дәрменов.

2018 жылы Астана қаласының Жеңіс даңғылының бойында Ақжайық саябағында Мәншүк Мәметова ескерткіші орнатылды (фото 6). Ескерткіште Мәншүк Мәметованың желбегей жамылған шинелін қос қолымен қымтап, оң аяғын алға басып терең ойға батып тұрған қалпын бейнелеген. «Жалпы әлемдік үрдісте ескерткіштерге қару-жарақ бейнелеу – соғыстың, агрессияның жарнамасындай қабылданады (Құттымұратұлы, 2018). Ескерткіштің постаментінде батырдың есімі латын әліпбиімен жазылған.

Зерттеуші Кристофер Рис «Қазақстандағы Екінші дүниежүзілік соғыс тәжірибесін қайта қараудағы ұлттық нарративте орын алған жалғыз батыр тек Әлия Молдағұлова ғана емес. Оның кеңестік және посткеңестік нарративте алар орны ерекше. Қазақстанда М.Мәметовамен салыстырғанда Ә.Молдағұлова жайлы және Екінші дүниежүзілік соғыстың мұрасын еске алу мен ескерткіштер орнатып болашақ ұрпаққа насататтау үрдісі алдыңғы қатарда» – дейді (Rees, 2020).

Жоғарыда сипаттағанымыздай, еліміздің бірнеше өңірінде Екінші дүниежүзілік соғысының батыр қыздарына орнатылған ескерткіштер талданды. Ескерткіш тек қана көшенің немесе белгілі алаңның сәнін келтіру үшін қойылмайды. Морис Хальвакс жазғандай, ұжымдық естелік бүгінгі шындыққа сәйкес келу үшін үздіксіз «тексерістен» өтеді (Хальвакс, 2017: 146). Демек, еліміздегі әрбір тарихи тұлғаға арнап орнатылып жатқан ескерткіштер тарихтан сыр шертіп қоғам үшін, келешек ұрпақ үшін берері көп.

Халық қаһармандары.

Қан майданда жау арсеналымен тікелей шайқасқан, қанша әскери тапсырмаларды мүлтіксіз орындаған Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы өзінің авторлық «Қанмен жазылған кітап» еңбегінде соғыс мәселесіне философиялық-психологиялық анықтама бере отырып, төмендегідей өрбітеді: «Соғыс – жеке және уақытша, бірақ адам өміріндегі ең бір қысылтаяң құбылыс. Соғыс ұзақ жылдарға Отанның тағдырын, соғысып жатқан халықтың тағдырын шешеді. Қанша жылға созылса да, соғыс адам өмірінде жан түршігерлік қасіретті уақиға болып қалады, ол халық жадына терең із қалдырады» (Момышұлы, 2021).

Батырдың түйіндеуінен түсінгеніміз, бейбіт заманда күн көріп жатқан адамдар қоғамында әп-сәтте орын алған соғыс өрті адамның аяқ асты өзгеруі, оның болмысының біз біле бермейтін қадамдарға баруы. Қолына қару алып, адам баласына қарсы оқ ату қаншалықты әсерге қалдырмақ. Осы орайда адам алдында таңдау жасау мен шешім қабылдау пайда болады. Таңдау жасаудың соңы объективті деңгейдегі Отан қорғауға ұласады. Майдан алаңында адам болмысы өзін қауіпті қатерге тігеді. Бұл, адам болмысының макродеңгейге көтерілуін аңғартады. Тарихи сана бекіткен тұжырым мұндайда: «Ер елі үшін туады, елі үшін өледі» деп қысқа қайырады.



Фото 7. Бауыржан Момышұлы ескерткіші
(фото Д. Оразбаева, 2024 ж.)



Фото 8. Рақымжан Қошқарбаев ескерткіші
(фото Д. Оразбаева, 2024 ж.)

Батырлықтың, ерліктің символына айналған Бауыржан Момышұлының алғашқы ескерткіштерінің бірі Тараз қаласында орнатылған. Ескерткіштің орналасқан жері

қаланың мәдени ошағына айналған облыстық драма театрының алаңында батыр мүсіні бой көтерген. Қоладан құйылған Бауыржан Момышұлының мүсінінен автор батылдықтық пен ерліктің көрінісін көрсеткен (Энциклопедия анықтама, 2005: 556).

Елімізде Астанақаласының мерейлі жылдарына әрбір өңір сыйсияпат жасау тәжірибесі қалыптасқан. Осындай тәжірибенің бірі Жамбыл облысының Астана қаласының 10 жылдығына Бауыржан Момышұлының ескерткішін сыйға тартқан (фото 7).

Сондай-ақ, Алматы қаласындағы 28 гравдияшыл-панфиловшылар саябағында да Бауыржан Момышұлының еңселі ескерткішін кездестіруге болады.

Екінші дүниежүзілік соғысының шешуші маңызды сәттерінің бірі Кеңес Одағы батырларының Рейхстагқа ту тігуі болды. Бұл ерлік қазақ батыры Рақымжан Қошқарбаевтың қатысуымен жүзеге асты. Әрине, қазақ батырларының ерлігі туралы негізгі дәріптеу оларға орнатылған ескерткіштердің еншісінде екені дау тудырмайды. Алайда, соғысқа қатысқан батырлардың соғыс туралы естеліктері сол кезеңді басынан кешеотырып, соғыс жағдайындағы ерліктері жөніндегі қағазға түсірген тәжірибесі. Батыр естеліктері қиын кезеңде батылдық танытумен қатар соңғы қадамға бара білу, қатерлі әрекетке бара білу. Рахымжан Қошқарбаев ескерткіші 2016 жылы Астана қаласының Бауыржан Момышұлы және Рахымжан Қошқарбаев атындағы көшелердің қиылысына бой көтерді (фото 8). Ескерткіш Астананың 25 жылдығына арнап орнатылған.

Қазақ дүниетанымындағы «Өсер елдің ұлдары, бірін бірі батыр дейді» қағидасынан келіп қалыптасқан Б. Момышұлының естелігі Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігі турасында нық әрі қысқаша сипаттама бере алды: – «Адам ерлік жасауды ешқашан жоспарламайды. Ерлікті туғызатын сәт болады. Адамның асыл қасиеті де, жасық қасиеті де соғыста, тап сондай сәтте көрінеді. Мұндай сәт адамның ғұмыр-ғұмырына, керек десең, ұрпақтан-ұрпаққа кететін өмірбаян, өсиет болып қалмақ. Рахымжан сондай сәтте асыл қырынан көрінген азамат. Ол қыры – жасаған ерлігі. Тағдыр оның нағыз өмірбаянын сол сәтте жазды. Оның өмірбаяны отпен жазылған өмірбаян» (Қазыбаев, 2014).

Рақымжан Қошқарбаевтың кескілескен ұрыс алаңындағы батылдығы көшпелі халықтың болмысын бойына сіңірген қазақ ұлтына жат емес қасиет. Мыңдаған жауынгерлердің ішінен айрықша батырлығының арқасында қазақтың жас қыраны үшін жау территориясындағы ерлігі үшін ескерткіш орнату парыз.

Жоғарыда Б.Момышұлы, Р. Қошқарбаев сияқты Екінші дүниежүзілік соғысының аңызға айналған қазақ батырларының күнделіктеріне арқа сүйеп, біз жауынгерлердің майдан даласындағы ұстанымдары мен қиындықтарын талдауға тырыстық. Адамның жағдайы қаншалықты қиын болса да, оның өмір сүруге деген үміті сөнбейді, оның «өмір сүруге» деген ұмтылысы тоқтамайды.

Б. Момышұлы, Р. Қошқарбаев, А. Молдағұлова, М. Мәметова – белгілі бір әдеби жанрдың кейіпкерлері емес, олар туралы естеліктер мен еңбектер арқылы соғыс процесіндегі қауіптер адамның өзіне деген экзистенциалды қатынасын тудыратынын байқауға болады. Қанды соғыс жағдайында адам өзінің Отанына, Атамекенге деген патриоттық сезімдерінің нәтижесінде ғана өлімнен қорқу сезімін жеңе алады. Осыған байланысты, тарихты ашық талқылай отырып, біз қазіргі уақытта болып жатқан зорлық-зомбылық ошақтарын көреміз және болашақта террордың алдын алуға мүмкіндік аламыз. Жоғарыда талқыланды мәселелер соғысты майдан даласында көзімен көргендер мен шарпыған өрттен аман қалғандар туралы естеліктер.

Майдан алаңында ерлік көрсеткен батырлардың, сарбаздардың қайсысы болсын, рухтың табандылығымен бірге қанша қиындықтарға төтеп бере білді. Шын мәнінде, Ұлы

Жеңісті жүзеге асыру – батыр сарбаздардың әрекеттері және тылда тынымсыз қызмет еткендердің нәтижесі. Көшпелі халық табиғат аясында еркін жүріп, бостандықтың мәнін түсіне білді. Асылында, бардың құндылығын уақытында бағалай білген ұлтымыз үшін Екінші дүниежүзілік соғыс олардың бостандығын шектейтін құбылыс болды. Ашық соғыс жариялап, адам басқа адамның тағдырын анықтады, басқа топырақта біздің қандастарымыздың сүйегін мәңгілікке қалдырды. Қиын кезеңдерде адам өзінің қабілеттерімен бірге өзінің ішкі табиғаты мен жеке басының болмысын ашады. Солардың бірі – майдан даласындағы жағдай. Соғыс адамнан күнделікті өмірдегі өмірлік қатынастарынан айтарлықтай ерекшеленетін деңгейде қарым-қатынасты талап етеді.

Соғыс қызған кезде адамның табиғатын ашатын тағы бір жағдай-басқаларға деген «жанашырлық». Ф. Достоевскийдің атақты «Сострадание есть главнейший и, может быть, единственный закон бытия всего человечества» (Достоевский, 2000: 110) көзқарасынан осы өзгеге деген «жанашырлық таныту» әрекетін аңғарамыз. Соғыс кезінде адамды әртүрлі қауіптер күтеді. Мұндай уақытта мейірімділік немесе «жанашырлық» сияқты категориялар адамның жеке басын сақтайды. «Жанашырлық» – адамды адамгершілік бағытта дамыта отырып, адамзаттың бақытты өмірін қамтамасыз ететін этикалық категория. Қиындық туындаған уақыттың трагедиясына қарамастан, шешуші қадамға бара білу, шешім қабылдау – бұл рефлексиялық құбылыс. Мысалы, Екінші дүниежүзілік соғыстың алдында ғана қазақ саяси құғын-сүргін амалдарының құрбаны болды. Құғын-сүргін нәтижесінде халықтың жауының туысы, жақын туысы емес, кеңестік қаһарман болу және ақталу үшін соғысқа өз еркімен барған Мәншүк Мәметованың қадамын ерлікке балаймыз. Міне, шешімнің жарқын мысалы-экзистенциалды таңдау – Рақымжан мен Мәншүк тәріздес батырлардың қадамдарымен өлшенеді. Өкінішке орай, бұл рефлексия соғысты ұйымдастырушы жағында жүзеге асырыла ма, жоқ па белгісіз. К.Ясперс: Бұл процестің түп-тамыры «Құдайдан безгендікте» жатыр дейді (Ясперс, 1991: 293). «Құдайдан безу тек Құдайға деген сенімде емес, болмысы дауыстап шақырмайтын ішкі менінің жоқтығы. Дәл осындай озбырлық адам баласын бұрын-соңды байқап білмеген болмыс емеске апарады». Бұл соғысты бастаушыға тән бүкіл болмыс ретінде діни-экзистенциалдық сауатсыздығынан деп білеміз. Американдық зерттеуші Эрика Марат Қазақстанда бұрынғы Кеңес Одағының басқа Орталық Азия республикалары сияқты «әскери және олардың билік рәміздері» тәуелсіздік алған сәттен бастап мемлекеттік заңдылықтың, оның ішінде батырлардың бейнелерін институттандыру арқылы ұлттандырудың қайнар көзі ретінде пайдаланылғанын атап өтті (Marat, 2010: 293).

Отандық зерттеуші К.А. Медеуова атап өткендей, қазақстандық мемориалдық парадигмадағы Екінші дүниежүзілік соғыс жайлы, өткенге сілтеме жасай отырып, «ортақ естелік» ретінде әрекет етеді, бұл тәуелсіздік кезеңінде пайда болған жаңа мемориалдық ескерткіштердің ішінде Екінші дүниежүзілік соғысына арналған монументтердің қалай сақталатыны, қалпына келтірілетіні және қалай жаңартылатыны айқын көрінеді (Медеуова, 2020).

Қорытынды

Соғыс – бұл адам табиғатын ашып, өмірлік сұрақтарға жауап іздеуге әкелетін «шекаралық ахуалды» тудыратын нигилистік процесс. Соғыстың экзистенциализм

бағытының дамуына әсер етуі де сондықтан. Өлім – бұл экзистенциалдық категория ретінде осы өмірдің заңды аяқталуын белгілейтін, адамға табиғаты бойынша берілген құбылыс. Соғыс – бұл өзге адамның тағдырын анықтап, өзін өзгелерден бірінші орынға қою арқылы өз мүдделерін жүзеге асыруға тырысатын соғысушы тараптың әрекеті. Жаһандық деңгейдегі қазіргі заманғы террористік актілердің ең қынжылтатыны да осы соғыс. Дегенмен, адам қандай жағдайда болмасын, өмір сүруге деген ұмтылыс және болашаққа деген үлкен үміт адамзаттың басты мақсаты болып қала береді.

Мақалада зерттелген мәселелерді топтастыра келе:

– Еліміздің әр өңірлеріндегі Екінші дүниежүзілік соғысының батырларына орнатылған ескерткіштерді зерттеу нысаны ретінде ала отырып, оларға мәдени талдау жасалды;

– Отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбие мақсатында философиялық интерпретация берілді;

– Екінші дүниежүзілік соғысында танытқан қазақ батырларының мемориалдандыру тәжірибесі арқылы зерттеу олардың ерлік пен көрсеткен қайсар рух пен батырлықтың мән мазмұнын ашып талдау мүмкіндігі болды.

Екінші дүниежүзілік соғысында жалпы қазақ батырлары ұлттың ұрпақтары ретінде қалай көрінді? Батырлық қасиет атасының қанымен анасының сүтімен бірге келетін қасиеттер тобы бар екенін және оларды уақтылы көрсете алатындығына байланысты емес пе. Екінші дүниежүзілік соғысы бүкіл әлемде қазақ халқының ұлылығын, ұлтымызда ер адамның ежелден қалыптасқан ерлік рухын көрсетті. Ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан жоңғар шапқыншылығына төтеп беру де елдігіміз бен ұлтымызға тән қайсар рухты аңғартады. Бұл гендік қасиеттің, өзіндік ерекшеліктің, ұлттық болмыстың қырларын аша білу қабілетіне байланысты.

Еліміздің батыс өңірі мен елордамызда жүргізілген далалық зерттеу нәтижесі бойынша Екінші дүниежүзі соғысының батырлары ескерткішінің реестрі жасалды (Қосымша 1).

Соғыс құбылысын зерттегенде, адамға төнген қауіп-қатерді ескере отырып, адамның жаңа жағдайға бейімделуге тырысуы, экзистенциалды мәселе ретінде батырлардың ерлігіне арнайы орнатылған ескерткіштерді басты назарға ала отырып, оларға философиялық интерпретация беру өз жемісін береді деп есептейміз.

Қосымша 1. Екінші дүниежүзі соғыс батырлар ескерткіштерінің реестрі.

№	Ескерткіш атауы	Орналасқан жері және жылы	Авторлары	Түсініктемелер
1	Әлия Молдағұлова	Ақтөбе қаласы, 1960	Е.Н. Штамм	Монумент бюст Ш. Жарылғасұлы көшесінде орналасқан. Тұғырдың биіктігі – 2,6 м. Тұғырдың үстінде қоладан ұйылған бюст орнатылған
2	Әлия Молдағұлова	Ақтөбе қаласы, 2005	Б. Абишев Е.Сергебаев	Ескерткіш Ә. Молдағұлова даңғылы мен Жұбановтар көше-

				інің қиылысында орналасқан. Гранитпен қапталған қола мүсін, мемориалдық кешен Әлия Молдағұлованың 80 жылдығына орай салынған
3	Әлия Молдағұлова	Астана қаласы, 2008	Б. Абишев, Е. Сергебаев	Ескерткіш Жеңіс даңғылы мен Ә. Молдағұлова атындағы көшенің қиылысында, Астанадағы Аграрлық университеттің жанында орнатылды. Мемориалдық композиция қола, гранит және бетоннан жасалған
4	Әлия Молдағұлова	Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы Кетебай ауылы, 2015	М. Қуандықов	Ескерткіш бюст биік тұғырға Ә.Молдағұлова атындағы мектептің алаңына орнатылды
5	Әлия Молдағұлова	Санкт-Петербург қаласы (Ресей), 2019	Е. Рахмадиев	Ескерткіш қаладағы скверлердің бірінде, Красногвардия ауданындағы өз атына берілген көшенің 5-үйінде орналасқан. Биіктігі 3 метр қоладан жасалған мүсіндік композиция қызғылт гранитті тұғырға орнатылған
6	Мәншүк Мәметова	Батыс Қазақстан облысы Орда ауданы Жәнібек кентінде, 1988	А. Пекерев, А. Борецкий	Ескерткіш гранит тұғырға орнатылып қоладан құйылған. Тұғырына Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова 1922-1943 ж. деген жазу жазылған. Ескерткіштің биіктігі – 3 м.
7	Мәншүк Мәметова	Батыс Қазақстан облысы Бөкей Орда ауданы Сайқын аулы, 2017	Х. Наурызбаев	
8	Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Хиуаз Доспанова	Орал, 2017	Н. Далбай	Ескерткіште ортада М.Мәметова, екі жағында Ә.Молдағұлова мен Х.Доспанова бейнеленген. Ескерткіштің биіктігі – 3,6 м.
9	Мәншүк Мәметова	Астана қаласы, 2018	М. Мансұров	Ескерткіш Жеңіс даңғылының бойындағы саябаққа орна

				тылған. Биіктігі – 3,6 м., тұғырымен – 6,1 м.
10	Мәншүк Мәметова	Жетісай, 2022	М. Қуандықов	Ескерткіш М. Мәметова атындағы орта мектептің ауласына орнатылды. Ескерткіш жанына осы ауылдан соғысқа аттанған 65 адамның есімі жазылған көрнекі тақта орнатылды.
11	Бауыржан Момышұлы	Тараз қаласы. 2000	Д. Әлдеқов, Н. Рүстемов, С. Дембай, Н. Баекеев	Ескерткіш қоладан құйылып гранит гранит тұғырға орнатылған. Биіктігі – 4,6 м., тұғыры – 3,3 м. Тұғырдың бетінде гранит тақтайшаға Бауыржан Момышұлы деп жазылған.
12	Бауыржан Момышұлы	Астана қаласы, 2008	Т. Колжігіт, Б. Сыздықов	Ескерткіш биіктігі 11 м. өзінің атындағы даңғылында орналасқан.
13	Бауыржан Момышұлы	Алматы қаласы, 2010	Н. Далбай, Р. Сатыбалдиев	Ескерткіш 28 гвардияшыл панфиловшылар атындағы саябақта орналасқан. Ескерткіш қоладан жасалған, гранит тұғырға орнатылған. Ескерткіштің биіктігі – 6 м.
14	Рақымжан Қошқарбаев	Астана қаласы, 2016	А. Нартов	Ескерткіш Б.Момышұлы мен Р.Қошқарбаев даңғылдарының қиылысында орналасқан. Биіктігі – 11 м.

Қаржыландыру

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің АР22685932 «Қазақстанның қазіргі мәдениетіндегі батырларды мемориал-дандыру практикасы» гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған.

Авторлар ықтимал мүдделер қақтығысы бар екенін мәлімдемеді.

Авторлардың үлесі

Сарсенбеков Н.Ж. – мақаланың идеялық мақсатын анықтап, батырлар тұлғасына феноменологиялық талдау беріп, ескерткіш орындарына философиялық интерпретация жасады.

Оразбаева Д.Е. – мақаланың эмпирикалық негізі болған ескерткіш орындарын анықтап, оларға мәдени-антропологиялық талдау жасады.

Әдебиеттер тізімі

Halbwachs M. On Collective Memory. London, 1992. – 254 p.

Kristoffer M.R. Recasting the nation: transforming heroes of the Soviet Union into symbols of Kazakhstani patriotism, Central Asian Survey. 2020. – 19 p.

Marat E. The Military and the State in Central Asia: From Red Army to Independence. London: Routledge. 2010.

Абай вместо Ленина зачем нашей стране столько памятников? URL: <https://qmonitor.kz/society/3238> (Қаралған күні: 17.07.2024).

Алпысбес М. Шежире: устная историческая традиция тюркских и монгольских народов Центральной Азии. Этнография Алтая и сопредельных территорий. – Астана. 2013. – 65 с.

Астана мерейтойына аймақтардың тартуы. URL: <https://www.azattyq.org/a/astana-podarki-ot-oblastey/29250046.html> (Қаралған күні: 18.07.2024).

БҚО Астананың мерейтойына Мәншүк Мәметованың ескерткішін сыйға тартады. URL: <https://egemen.kz/article/167735-bqo-astananynh-mereytoyuuna-manshuk-mametovanynh-eskertkishin-suygha-tartady> (Қаралған күні: 08.08.2024).

Достоевский Ф. Идиот. II часть. – Ленинград: «Наука», Ленинградское отделение, 1989. – 293 с.

Ермагамбетова К.С., Оразбаева Д.Е. Шығыс Қазақстан өңірінде батырларды мемориалдау үрдісі: мәдени антропологиялық талдау. URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=48447672>. (Қаралған күні: 10.08.2024).

Ерофеева И.В. Символы казахской государственности. Позднее средневековье и новое время. – Алматы, 2001. – 152 с.

Ерофеева И.В. Хан Абулхаир: полководец, правитель, политик. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 456 с.

Касымбеков М.Б. Хроника деятельности 1996-1997 годы. URL: <https://e-history.kz/media/upload/55/2013/09/26/4a98aa1e2d77abf1adfa29680ad4c77e.pdf> (Қаралған күні: 18.07.2024).

Кеңес Одағының батыры Ә. Молдағұловаға ескерткіш. [URL: <https://aktobenasledie.kz/kk/kenges-odaghynung-batyr-a-e-moldaghulovagha-eskertkish/>] (Қаралған күні: 15.07.2024).

Копосов Н.Е. Память строгого режима: История и политика в России. – Москва, Новое литературное обозрение, 2011. – 320 с.

Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтама. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005. – 265 б.

Қазыбаев К. Найзағайдай жарқылдап... URL: <https://on.kz/proza/kakimzan-qazybaev-naizagaidai-zarqyldap-51993> (Қаралған күні: 12.08.2024).

Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов основы жизнедеятельности кочевнического общества. – Алматы: «Социнвест», 1995. – 250 с.

Медеуова К.А. Затянувшаяся «советскость» и трансформации коллективной памяти: советские и постсоветские мемориальные комплексы в Казахстане. URL: https://www.nlobooks.ru/magazines/novoe_literaturnoe_obozrenie/161_nlo_1_2020/article/21982 (Қаралған күні: 12.08.2024).

Медеуова К.А., Сандыбаева У.М., Наурызбаева З.Ж., Толгамбаева Д.Т., Ермаганбетова К.С., Мельников Д.Н., Кикимбаев М.Ж., Рамазанова А.Ч., Тлепберген А.Б., Жетибаев Е.Ж., Оразбаева Д.Е., Полтавец К.А. Практики и места памяти в Казахстане. – Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2017. – 320 с.

Момышұлы Б. Соғыс психологиясы (стенограмма). URL: <https://barinbil.kz/sizge-kerek-myng-qyryq-derek/gvardiya-polkovnigi-bauyrzhan-momysh-lymen-bol-an-gimeni-stennogrammasy/>. (Қаралған күні: 11.08.2024).

Нұр-Сұлтанның мәдени және тарихи ескерткіштері. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/32849> (Қаралған күні: 18.07.2024).

Оңтүстік Қазақстанда Әлия Молдағұлованың ескерткіші ашылды. URL: <https://kaztag.kz/kz/news/o-t-stik-aza-standa-liya-molda-lovany-eskertkishi-ashyldy> (Қаралған күні: 11.07.2024).

Оралда батыр аруларға ескерткіш ашылды. URL: <https://egemen.kz/article/154385-oralda-batyr-arulargha-eskertkishi-ashyldy> (Қаралған күні: 08.08.2024).

Сайқында Мәншүк Мәметоваға ескерткіш орнатылды. URL: <https://zhaikpress.kz/kk/regionnews/sajkynda-manshuk-mametovanyn-eskertkishi-ashyldy/> (Қаралған күні: 08.08.2024).

Хальбвакс М. Социальные рамки памяти. – М., 2007. – 304 с.

Ясперс К. Смысл и назначение истории: Перевод с нем. ред. Т.И.Ойзерман // Мыслители XX в. – М.: Полит, 1991. – 527 с.

Нурсултан Сарсенбеков, Дана Оразбаева

*Қарағандынский технический университет имени А. Сагинова, Қарағанда, Қазақстан
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Қазақстан*

Памятники казахским батырам Второй мировой войны

Аннотация. В статье рассматриваются истории и практики установления памятников участникам второй мировой (Великой Отечественной) войны, которые появились в Казахстане после развала Советского Союза. Памятники рассматриваются как определенный эпистемологический источник для исследования разноакторных тенденций времени, как свидетельства общественных дискурсов популярных в исследуемый период с начала 90х XX века по настоящее время. Используется феноменологический и экзистенциальный подходы в интерпретации вопроса о том, как понимать геройство, что такое быть героем и как этот феномен в целом коррелирован с представлениями о батырстве в казахской культуре.

Статья построена на анализе кейсов, связанных с личностями Бауыржана Момышулы, Рахимжана Кошкарбаева, Алии Молдагуловой, Маншук Маметовой. Анализ включает в себя: определение местонахождения памятников, визуальное протоколирование и первичную дескрипцию. используется контент-анализ материалов СМИ и специальной литературы по родословным (шежыре), интервью с акторами и экспертами, сбор устных историй и анализ документов, сопровождающих появление памятников.

Ключевые слова: Вторая мировая война; батырство; кахарман; казахские батыры; кайсар рух; мировоззрение; память; памятники; мемориал; актер.

Nursultan Sarsenbekov, Dana Orazbayeva

Karaganda Technical University named after A. Saginov, Karaganda, Kazakhstan

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Monuments to Kazakh Batyrs of the Second World War

Abstract. The article examines the history and practices of establishing monuments to participants of the Second World War (Great Patriotic War) that appeared in Kazakhstan after the collapse of the Soviet Union. Monuments are considered as a certain epistemological source for studying the various trends of the time, as evidence of public discourses popular during the period from the early 1990s to the present. Phenomenological and existential approaches are used in interpreting the question of how to understand heroism, what it means to be a hero, and how this phenomenon is correlated with ideas of heroism in Kazakh culture.

The article is based on the analysis of cases related to the personalities of Bauyrzhan Momishuly, Rakhymzhan Qoshqarbaev, Aliya Moldagulova and Manshuk Mametova. The analysis includes: determining the location of the monuments; visual documentation and initial description. Content analysis of media materials and specialized literature on genealogy (shezhire), interviews with actors and experts, collecting oral histories, and analyzing documents accompanying the appearance of monuments.

Key words: World War II; heroism; Kazakh heroes; brave spirit; worldview; memory; monument; memorial; actor.

References

Marat E. The Military and the State in Central Asia: From Red Army to Independence. (London, Routledge, 2010). [in English].

Kristoffer M.R. Recasting the nation: transforming heroes of the Soviet Union into symbols of Kazakhstani patriotism. (Central Asian Survey, 2020, 19 p.) [in English].

Halbwachs M. On Collective Memory. (Chicago; London, 1992, 254 p.) [in English].

Abaj vmesto Lenina zACHEM nashej strane stol'ko pamyatnikov? [Abai instead of Lenin, why does our country need so many monuments?]. URL: <https://qmonitor.kz/society/3238> (accessed: 17.07.2024) [in Kazakh].

Alpysbes M. Shezhire: ustnaya istoricheskaya tradiciya tyurkskih i mongol'skih narodov Central'noj Azii. Etnografiya Altaya i sopredel'nyh territorij. [Shezhire: Oral historical tradition of the Turkic and Mongolian peoples of Central Asia. Ethnography of Altai and adjacent territories]. (2003, 65 p.) [in Kazakh].

Astana merejtojyna ajmaqtardyn tartuy [Attraction of regions for the anniversary of Astana]. URL: <https://www.azattyq.org/a/astana-podarki-ot-oblastey/29250046.html> (accessed: 18.07.2024) [in Kazakh].

BQO Astananyn merejtojyna Manshuk Mametovanyн eskertkishin syjga tartady [West Kazakhstan region will present a monument to Manshuk Mametova on the anniversary of Astana]. URL: <https://egemen.kz/article/167735-bqo-astananynh-mereytoyyna-manshuk-mametovanyнh-eskertkishin-syygha-tartady> (accessed: 08.08.2024) [in Kazakh].

Dostoevskij F. Idiot. II chast' [Idiot. Part II.]. (Leningrad, Nauka, Leningradskoe otdelenie, 1989, 293 p.) [in Russian].

Ermagambetova K.S., Orazbaeva D.E. Shygys Qazaqstan onirinde batyrlardy memorialdau urdisi: madeni antropologiyalyq taldau [The process of memorization of heroes in the East Kazakhstan region: cultural anthropological analysis]. URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=48447672>. (accessed: 10.08.2024) [in Kazakh].

Erofeeva I.V. Simvoly kazahskoj gosudarstvennosti. Pozdnee srednevekov'e i novoe vremya [Symbols of the Kazakh statehood. The Late Middle Ages and modern times]. (Almaty, 2001, 152 p.) [in Kazakh].

Erofeeva I.V. Han Abulhair: polkovodec, pravitel', politik [Khan Abulhair: commander, ruler, politician]. (Almaty, Dajk-Press, 2007, 456 p.) [in Kazakh].

Kenes Odagynyn batyry A.Moldagulovaga eskertkish [Monument to the hero of the Soviet Union A. Moldagulova]. URL: <https://aktobenasledie.kz/kk/kenges-odaghynyng-batyry-ae-moldaghulovagha-eskertkish/> (accessed: 15.07.2024) [in Kazakh].

Kasymbekov M.B. Hronika deyatel'nosti 1996-1997 gody [Chronicle of activity 1996-1997]. URL: <https://e-history.kz/media/upload/55/2013/09/26/4a98aa1e2d77abf1adfa29680ad4c77e.pdf> (accessed: 18.07.2024) [in Kazakh].

Koposov N.E. Pamyat' strogogo rezhima: Istoriya i politika v Rossii [Memory of a strict regime: History and politics in Russia]. (Moscow, Novoe literaturnoe obozrenie, 2011, 320 p.) [in Russian].

Qazaq madenieti. Enciklopediyalyq anyqtama [Kazakh culture. Encyclopedic reference]. (Almaty, Aruna Ltd, 2005) [in Kazakh].

Qazybaev K. Najzagajdaj zharqyldap... [Flashed like lightning]. URL: <https://on.kz/proza/kakimzan-qazybaev-naizagaidai-zarqyldap-51993>. (accessed: 12.08.2024) [in Kazakh].

Masanov N.E. Kochevaya civilizaciya kazahov osnovy zhiznideyatel'nosti nomadnogo obshchestva [The nomadic civilization of the Kazakhs is the basis of the life of nomadic society]. (Almaty, Socinvest, 1995, 250 p.) [in Russian].

Medeuova K.A. Zatyanyuvshayasya «sovetskost'» i transformacii kollektivnoj pamyati: sovetskie i postsovetskie memorial'nye komplekсы v Kazahstane. [Prolonged "Sovietism" and transformations of collective memory: Soviet and post-Soviet memorial complexes in Kazakhstan]. URL: https://www.nlobooks.ru/magazines/novoe_literaturnoe_obozrenie/161_nlo_1_2020/article/21982 (accessed: 12.08.2024) [in Russian].

Medeuova K.A., Sandybaeva U.M., Nauryzbaeva Z.Zh., Tolgambaeva D.T., Ermaganbetova K.S., Mel'nikov D.N., Kikimbaev M.Zh., Ramazanova A.CH., Tlepbergen A.B., Zhetibaev E.Zh., Orazbaeva D.E., Poltavec K.A. Praktiki i mesta pamyati v Kazahstane [Practices and places of memory in Kazakhstan]. (Astana: ENU L.N. Gumilyeva, 2017, 320 p.) [in Russian].

Momyshuly B. Sogys psihologiyasy (stenogramma) [Psychology of war (transcript)]. URL: <https://barinbil.kz/sizge-kerek-myng-qyryq-derek/gvardiya-polkovnigi-bauyrzhan-momysh-lymen-bol-an-gimeni-stennogrammasy/>. (accessed: 11.08.2024) [in Kazakh].

Nur-Sultannyn madeni zhane tarihi eskertkishteri [Cultural and historical monuments of Nur-Sultan]. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/32849>. (accessed: 18.07.2024) [in Kazakh].

Ontustik Qazaqstanda Aliya Moldagulovany eskertkishi ashyldy [A monument to Aliya Moldagulova was opened in South Kazakhstan]. URL: <https://kaztag.kz/kz/news/o-t-stik-aza-standa-liya-moldalovany-eskertkishi-ashyldy> (accessed: 11.07.2024) [in Kazakh].

Oralda batyr arularga eskertkish ashyldy [A monument to the heroic beauties was opened in Uralsk]. URL: <https://egemen.kz/article/154385-oralda-batyr-arulargha-eskertkish-ashyldy> (accessed: 08.08.2024) [in Kazakh].

Sajqynda Manshuk Mametovaga eskertkish ornatyldy [A monument to Manshuk Mametova Saykyn was erected]. URL: <https://zhaikpress.kz/kk/regionnews/sajqynda-manshuk-mametovany-eskertkishi-ashyldy/> (accessed: 11.07.2024) [in Kazakh].

Hal'bvaks M. Social'nye ramki pamyati [The social framework of memory]. (Moscow, 2007, 304 p.) [in Russian].

Yaspers K. Smysl i naznachenie istorii: Perevod s nem. red. T.I. Ojzerman // [The meaning and purpose of the story]. Mysliteli XX v. (Moscow, Polit, 1991, 527 p.) [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах / Information about authors:

Сарсенбеков Нурсултан Жумабекулы – PhD, Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, ҚХА және ӘГП кафедрасының аға оқытушысы, Н.Назарбаев даңғылы, 56/1, 100029, Қарағанды, Қазақстан.

Sarsenbekov Nursultan – PhD, Senior Lecturer of the Department of APK and SRS of the Karaganda Technical University named after Abylkas Saginov, 56/1 N.Nazarbayev Avenue, 100029, Karaganda, Kazakhstan.

Сарсенбеков Нурсултан Жумабекулы – PhD, старший преподаватель кафедры АНК и СГД, Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова, пр. Н.Назарбаева, 56/1, 100029, Караганда, Казахстан.

Оразбаева Дана Ермековна – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, философия кафедрасының аға оқытушысы, Қ. Сәтбаев к., 2, 010008, Астана, Қазақстан.

Orazbayeva Dana – Senior Lecturer of the Department of Philosophy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2, Satpayev st., 010008, Astana, Kazakhstan.

Оразбаева Дана Ермековна – старший преподаватель кафедры философии, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, 100000 Астана, Казахстан.



Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License.